


**«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕКЕМЕСІ**



**TURAN
UNIVERSITY**

**TURAN
UNIVERSITY**



БЕКІТЕМІН:

**«Тұран» университеті»
мекемесінің ректоры**

Р.А. Алшанов

11 20 22 ж.

Қаралды

Ғылыми кеңестің отырысында

№ 6 Хаттама 15.11.2022 ж.

**«EURASIAN JOURNAL OF CURRENT RESEARCH IN PSYCHOLOGY
AND PEDAGOGY»**

ЖУРНАЛЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНЫМДЫҚ ЭТИКАСЫ

«Eurasian journal of current research in psychology and pedagogy» журналының редакциясы ғылыми жарияланымдар этикасының келесі қағидаларын басшылыққа алады.

Редактор мен баспагердің кәсіби этикасы қағидалары

Ғылыми мақаланы жариялау туралы шешім қабылдау барысында журнал редакторы ұсынылған деректердің шынайылығына және мақаланың ғылыми маңыздылығына сүйенеді.

Редактор қолжазбаның зияткерлік мазмұнын авторлардың нәсіліне, жынысына, діни көзқарасына, шыққан тегіне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына немесе саяси ұстанымына қарамастан бағалауы тиіс.

Егер редакторда материалдың плагиат екеніне негіз болатындай жеткілікті дәлелдер болса, онда ондай ақпаратты жариялауға жол бермеуі керек.

Редактор қаралған қолжазбалар немесе жарияланған материалдар бойынша келіп түскен шағымдарға жауапсыз қалмауы тиіс және даулы жағдайлар туындаған кезде бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы қажет.

Редактор, егер мақала журналдың тақырыбына немесе талап етілетін сапа деңгейіне сәйкес келмейді деп есептесе, оны рецензенттердің сараптамалық бағасынсыз-ақ өз бетінше кері қайтаруға құқылы. Мұндай шешім бейтарап түрде,

тек мақаланың мазмұнына сүйене отырып қабылдануы тиіс, ал шешім қабылдаудың критерийлері авторға нақты түсіндіріліп берілуі қажет.

Редактор, «Тұран» университетінің қызметкерлері және редакциялық алқа мүшелері журналға өздерінің ғылыми зерттеулерін ұсынуға құқылы, мұндай мақалаларға да бағалау әділ және бейтарап түрде жүргізілуі тиіс.

Рецензент қызметіндегі этикалық қағидалар

Рецензент авторлық материалдарға ғылыми сараптама жүргізеді, сондықтан оның әрекеттері келесі қағидаттарды сақтау арқылы бейтарап сипатта болуы тиіс.

Рецензент тек өз құзыреттілігіне сай және уақытылы рецензия жасай алатын мақалаларды ғана бағалауға келісім беруі тиіс. Рецензент рецензиялау процесінде құпиялылықты сақтауға міндетті және мақала немесе рецензияның мазмұнын рецензиялау кезінде немесе одан кейін ешкімге, редакция тарапынан рұқсат етілген тұлғалардан (мысалы, редактордан) басқаға жарияламауы керек.

Рецензиялау үшін алынған қолжазба құпия құжат ретінде қарастырылуы тиіс және оны редакциядан тиісті рұқсаты жоқ үшінші тұлғаларға таныстыруға немесе талқылауға беруге болмайды.

Рецензент зерттеу нәтижелеріне объективті және негізделген баға беруі тиіс. Авторға қатысты жеке сын айтуға жол берілмейді.

Қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректер рецензент тарапынан жеке мақсаттарда пайдаланылмауы керек.

Бағалау объективті түрде жүргізілуі тиіс, қорытындылар нақты және дәлелді түрде тұжырымдалуы қажет, осылайша авторлар өз жұмыстарын жақсарту үшін оларды пайдалана алады.

Ғылыми жарияланым авторы басшылыққа алуы тиіс қағидалар

Автор (немесе авторлар ұжымы) ғылыми зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен шынайылығы үшін бастапқы жауапкершілікке ие екенін түсінеді, бұл келесі қағидаларды сақтауды талап етеді.

Мақала авторлары жүргізілген зерттеулердің шынайы нәтижелерін ұсынуы тиіс. Әдейі қате немесе бұрмаланған мәлімдемелерге жол берілмейді.

Авторлар мақалада баяндалған зерттеу нәтижелерінің толықтай түпнұсқа екеніне кепілдік беруі керек. Қарызға алынған үзінділер мен тұжырымдар міндетті түрде бастапқы авторы мен дереккөзін көрсете отырып рәсімделуі тиіс. Артық пайдаланылған дәйексөздер, сондай-ақ, кез келген формадағы плагиат, соның ішінде дәйексөзді рәсімдемеу, мазмұнын өзгертіп беру немесе өзгенің зерттеу нәтижелерін иемдену – этикаға сай келмейді және жол берілмейді.

Зерттеу барысына қандай да бір түрде ықпал еткен барлық тұлғалардың үлесі танылуы тиіс, атап айтқанда, мақалада зерттеу жүргізу кезінде маңызды рөл атқарған еңбектерге сілтемелер келтірілуі қажет.

Авторлар журналға басқа журналда қаралу үстінде тұрған немесе бұрын жарияланған мақаланы жібермеуі тиіс. Бір мақаланы бірнеше басылымға бір уақытта ұсыну – этикаға сай емес әрекет және жол берілмейді.

Мақаланың қосалқы авторлары ретінде зерттеуге елеулі үлес қосқан барлық тұлғалар көрсетілуі тиіс. Зерттеуге қатыспаған адамдарды авторлар тізіміне қосуға жол берілмейді.

Мақаланы ұсынушы автор барлық қосалқы авторлардың (бар болса) мақаланың соңғы нұсқасына және оны журналға жариялануға ұсынуға келісім бергеніне көз жеткізуі қажет.

Егер автор мақалада қарау кезеңінде немесе жарияланғаннан кейін маңызды қателіктер мен дәлсіздіктер тапса, ол бұл туралы журнал редакциясын мүмкіндігінше тезірек хабардар етуі тиіс.

Егер зерттеу қандай да бір қаржыландыру көзі арқылы жүзеге асырылса, бұл туралы ақпарат ашық көрсетіліп, оның зерттеу жүргізудегі және/немесе мақаланы дайындаудағы рөлі баяндалуы тиіс.

Журнал жоғарыда аталған қағидаларға сәйкес келмейтін кез келген қолжазбаны жариялаудан бас тарту құқығын өзінде қалдырады.